

**"11" қаңтар 2016ж.  
№ СД —02-16  
«АСКО» СК» АҚ директорлар  
Кеңесінің Хаттамасымен  
Бекітілген**

## **ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.**

1.1. Осы теміржол көлігін ерікті сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) «АСКО» СК» АҚ-ның (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) сақтандыру шарттарын, қабілетті азаматтармен немесе заңды тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушылар) теміржол көлігін ерікті сақтандыру шарттарын құру тәртібін және олар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шарттарын анықтайтын ішкі құжаты болып табылады.

1.2. Осы Ереже бойынша белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркеуден өткен теміржол жылжымалы құрамы сақтандырылуы мүмкін.

1.3. Меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не өзге де заң негізінде теміржол жылжымалы құрамын иеленетін заңды тұлғалар немесе қабілетті азаматтар Сақтандырылушылар бола алады. Теміржол жылжымалы құрамы сақтандыру шарты бойынша заңға, өзге де құқықтық актіге немесе шартқа негізделген, оны сақтауға мүдделі тұлғаның (Сақтанушының немесе Пайда алушының) пайдасына сақтандырылуы мүмкін.

### **2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕГІ.**

2.1. Осы Ережелерге сәйкес меншік құқығында Сақтанушыға тиесілі, сондай-ақ Сақтанушы жалдау (лизинг) шарты бойынша немесе қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де негізде оның бүлінуі немесе жойылуы салдарынан иеленетін, пайдаланатын теміржол көлігі құралын иеленуге, пайдалануға, билік етуге байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының мүлктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Сақтандыру шарты бойынша төмендегі теміржол көліктері сақтандырылуы мүмкін:

2.2.1. жылжымалы жүк құрамы: жабық вагондар, платформалар, ашық вагондар, цистерналар, тоңазытқыш және изотермалық вагондар, дәнді дақылдар таситын вагон, цемент таситын вагон, жалғамалы платформалар, битумды платформалар, жүктерді тасымалдауға арналған арнайы вагондар, оның ішінде бункер түріндегі вагондар, тасымалдағыштар, контейнер таситын және жүк түріндегі арнайы вагондар;

2.2.2. жылжымалы жолаушылар және оған теңестірілген пошта, пошта-жүк және жылжымалы жүк құрамы: купелі, плацкартты, «СВ», «РИЦ»-вагондар, вагон-мейрамханалар, облысаралық вагондар, «ЗАК», қызметтік, қызметтік-техникалық, пошталық, жүк вагондары;

2.2.3. тартқыш және мотор-вагондық жылжымалы құрам қолданылады:

- магистральдық жолдар бойынша кез келген категориядағы пойыздарды жүргізу үшін,
- кең табанды магистральдық, станциялық және кірме жолдарда маневрлік жұмысты жүргізу үшін;
- тар табанды магистральдық, станциялық және кірме жолдарда маневрлік жұмысты жүргізу үшін;
- кең және тар табанды магистральдық және станциялық жолдар бойынша жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру үшін;
- өнеркәсіптік теміржол көлігі жолдарында және магистральдық және станциялық жолдарға шықпайтын жолдарда;

- жолдың жоғарғы құрылысына, жасанды құрылыстарға, байланыс желісі және энергиямен жабдықтау құрылғылары мен желілеріне, байланысқа, дабыл қағуға, орталықтандыру мен бұғаттауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының теміржол қатынас жолдары желісіндегі төтенше жағдайларды жою жөніндегі технологиялық операцияларды орындау үшін.
- 2.3. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыруға тиісті стандарттардың талаптарын қанағаттандыратын және белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен техникалық жарамды жағдайдағы теміржол көлігінің құралдары қабылданады.
- 2.4. Сақтандыруға қабылданатын теміржол көлігі құралының құрамына жатады: оның корпусы, сымдар жүйесін, окшаулауды, әрлеуді, құрылғылар мен жүйелерді, негізгі және қосалқы механизмдерді, қазандықтарды, дизель – генераторларды және теміржол көлігі құралын пайдалануға қажетті өзге де жабдықтар мен құралдарды қоса алғанда ішкі жайы.
- 2.5. заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тәркіленуге жататын теміржол көлігі құралдары сақтандыруға жатпайды.
- 2.6. Сақтандырушы теміржол көлігі құралдарын сақтандыруға қабылдамауға құқылы:
- жұмыс істейтін немесе істемейтін жағдайға тәуелсіз музей жәдігері болып табылатын;
  - зауыттық құрастырылымда көзделмеген мақсаттарда пайдаланылатын.
- 2.7. сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде жүргізілген Сақтанушының келесі мақсатталған шығындары объект болуы мүмкін:
- сақтандыру жағдайы басталған кезде зардап шеккен теміржол көлігінің сақтандырылған құралын құтқару бойынша;
  - нәтижесінде теміржол көлігінің сақтандырылған құралы бүлінген немесе жойылған сақтандыру жағдайының салдарын жою бойынша.

### **3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ.**

- 3.1. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартында анықталған ақша сомасы болып табылады, оның негізінде сақтандыру сыйақысының және сақтандыру төлемінің мөлшерлері белгіленеді.
- 3.2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісіммен анықталады.
- 3.3. Теміржол көлігі құралдарын сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы олардың нақты (сақтандыру) құнынан аспауы тиіс. Теміржол көлігі құралы үшін мұндай құн оның сақтандыру шартын құрылған күні орналасқан жеріндегі нақты құны болып саналады.
- 3.4. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыру сомасы теміржол көлігі құралдарын дайындаушы зауыттардың бағалары және оған әсер ететін басқа да параметрлер, сондай-ақ Сақтанушының бухгалтерлік құжаттары, жалдау (лизинг), сатып алу-сату шарттары, тәуелсіз сарапшының қорытындысы негізінде пайдалану уақытындағы тозу пайызы ескеріле отырып, анықталады.
- 3.5. Сақтандыру жағдайы басталған кезде зардап шеккен теміржол көлігінің сақтандырылған құралын құтқаруға байланысты және сақтандыру жағдайының салдарларын жою жөніндегі Сақтанушының шығындары бойынша тараптардың қалауы бойынша сақтандыру сомасы осындай шығындардың әр түрі бойынша жеке белгіленуі немесе осы шығын түрлеріне тиесілі сақтандыру сомасының бір бөлігі (үлесі) мөлшерінде анықталуы мүмкін.
- 3.6. Сақтандыру шартымен сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан (толық емес мүліктік сақтандыру) төмен белгіленуі мүмкін. Мұндай жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталуымен Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасы пропорционалды түрде келтірілген соңғы шығындардың бір бөлігін өтеуге міндетті.

### **4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ.**

4.1. Сақтандыру жағдайы сақтандыру шарттарында көзделген болған оқиға болып табылады, оның басталуымен Сақтандырушының Сақтанушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеті туындайды.

4.2. Сақтандыру шарттарына байланысты теміржол көлігі осы бапта көзделген тәуекелдерден сақтандырылуы мүмкін:

*Келесі оқиғалардың салдарынан **теміржол көлігінің жойылуы (сынуы), бүлінуі немесе жоғалуы:***

- апат. Бұл ретте теміржол көлігінің сақтандырылған құралының басқа да көлік құралдарымен соқтығысуы немесе аралықтар мен станцияларда жылжымалы құрамның шығып кетуі

кезінде теміржол көлігінің сақтандырылған құралының бүлінуі нәтижесінде туындаған Сақтанушының залалдары өтелуге жатады;

- өрт, жарылыс, қысқа тұйықталу. Бұл ретте найзағай түсу, теміржол көлігі құралын пайдалану кезінде қолданылатын газдың жарылуы, электр құрылғылары жүйесінде зақымдану, мамандандырылған вагондардың жарылуы, бу, отын, газ құбырлары және тартқыш және мотор-вагондық жылжымалы құралдары, машиналарының, қазандықтары мен агрегаттарының нәтижесінде келтірілген залалдар, сондай-ақ өртенген өнімдермен және оттың әрі қарай таралып кетпеудің алдын алу мақсатында қолданылған өрт сөндіру шараларымен келтірілген залалдар өтелуге жатады;
- табиғи апаттар. Бұл ретте келесі табиғи құбылыстардың кенеттен әсер етуі нәтижесінде теміржол көлігі құралының жойылу немесе бүліну салдарынан туындаған залалдар өтелуге жатады: *құйын, дауыл, боран, тайфун, цунами* (бұл ретте құйыннан, дауылдан, бораннан немесе атмосферадағы табиғи процестерден туындаған ауа массаларының өзге де қозғалысынан болған залалдар, егер залал келтірген ауа массаларының жылдамдығы 60 км/сағ асқан жағдайда ғана өтеледі); *нөсер, бұршақ, су тасқыны, сел* (бұл ретте су тасқынынан немесе селден болған залалдар, егер судың деңгейі осы жер үшін белгіленген нормативтік деңгейден асып кеткен жағдайда ғана өтеледі; *жер сілкінісі, жаңартау атқылауы, жер асты отының әрекеті; таудың опырылуы, тастың құлауы, қар көшкіні, сырғыма, сел, шөгу немесе топырақтың өзге де қозғалысы, жер асты суларымен басу* (бұл ретте осы оқиғалар басталған кезде туындаған залалдар, егер олар жарылыс жұмыстарын жүргізуден, қазаншұңқырлардан немесе карьерлерден жерді ойып алудан, қуыстардың орнын толтырудан немесе жерге төгу жұмыстарын, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кез келген түрінің кен орындарын өндіруден немесе игеруден туындамаған жағдайда ғана өтелуге тиіс);
- үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері. Бұл ретте бұзақылық, өртеу, теміржол көлігі құралдарын зақымдауға немесе жоюға бағытталған өзге де қасақана әрекеттер, сондай-ақ теміржол көлігі құралын пайдалану үшін қажетті құрылғыларды, тетіктерді, агрегаттарды, өзге де жабдықтар мен саймандарды ұрлау (ұрлау, тонау, қарақшылық) нәтижесінде туындаған залалдар өтелуге жатады;
- машинист немесе диспетчер тарапынан басқару немесе маневрлік жұмысты орындау кезіндегі қателіктер;
- тоннельдің құлауы, көпірдің бұзылуы. Бұл ретте тоннельдің құлауы, көпірдің бұзылуы нәтижесінде туындаған теміржол көлігінің сақтандырылған құралының толық (нақты немесе құрылымдық) сынуы немесе зақымдануы салдарынан болған Сақтанушының шығындары өтелуге жатады.

4.3. Осы Ережелерде көзделмеген мән-жайлардың басталуы салдарынан теміржол көлігі құралына зиян келу, зақымдану қаупі қосымша сақтандырылуы мүмкін.

4.4. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде және Сақтанушы көрсеткен теміржол көлігінің сақтандырылған құралын пайдалану ауданда туындаған сақтандыру шарттарында көзделген оқиғалар ғана сақтандыру жағдайлары деп танылады.

Сақтандырушы сақтандыру жағдайы деп таныған оқиға басталған кезде сақтанушы шарттары бойынша қосымша өтелуі мүмкін:

- 1) осы бөлімде көзделген оқиғалардың кез келгенінің басталуы салдарынан болған Сақтанушының нақты шығындары;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде жүргізілген Сақтанушының мақсатқа сай шығындары:
  - сақтандыру жағдайы басталған кезде зардап шеккен теміржол көлігінің сақтандырылған құралын құтқару бойынша;
  - нәтижесінде теміржол көлігінің сақтандырылған құралы бүлінген немесе жойылған сақтандыру жағдайының салдарларын жою бойынша.
  - Осы Ережелерде көзделмеген өзге де шығындар тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына енгізілуі мүмкін.

4.5. Осы Ережелерге сәйкес болған оқиға, егер ол келесілердің салдарынан туындаса, сақтандыру деп таныла алмайды:

- әскери іс-қимылдар, сондай-ақ маневрлер немесе өзге де әскери іс-шаралар;
- азаматтық соғыс, әртүрлі халықтық толқулар немесе көтерілістер, кез келген террористік актілер;

- мемлекеттік органдардың өкімі бойынша теміржол көлігінің сақтандырылған құралын алып қою, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою;
- диспечерлердің, машинистердің, машинист көмекшілерінің және теміржол көлігінің сақтандырылған құралында жұмыс істейтін немесе оған қызмет көрсететін басқа да персоналдың қасақана әрекеттері немесе өрескел абайсыздығы;
- теміржол көлігінің сақтандырылған құралы рейске шыққанға дейін Сақтанушыға белгілі болған теміржол көлігі құралының техникалық жай-күйі қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;
- теміржол көлігі құралының, оның машиналарының, тетіктерінің немесе жабдықтарының нормативтен тыс тозуы, коррозиясы;
- Сақтанушы Сақтандырушымен келісілген мерзімі ішінде Сақтандырушы Сақтанушыға жою қажеттігін көрсеткен тәуекел дәрежесін едәуір арттыратын мән-жайларды жоймауы;
- мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының не осы органдардың лауазымды тұлғаларының, оның ішінде аталған органдар мен лауазымды тұлғалардың заңдарға немесе басқа да құқықтық актілерге сәйкес келмейтін құжаттарды шығаруы нәтижесіндегі заңсыз әрекеттері (әрекетсіздіктері);
- өндірістің технологиялық процесінің шартталған ерекшелігімен немесе өнеркәсіптік қондырғылар мен агрегаттардың жұмыс шарттарымен жану, сондай-ақ оларды қайта өңдеу, егер өрт таралмаса, басқа да сапалық сипаттамаларын өзгерту мақсатымен заттарды отпен, жылумен немесе өзге де термиялық әсермен өңдеу;
- аппараттың, агрегаттың, тетіктің шегінен тыс өрттің таралуына әкеп соқпаған теміржол жылжымалы құрамындағы электр жабдықтарындағы электр желілерінің қысқа тұйықталулары;
- тасымалданатын жүкпен жылжымалы құрамның зақымдануы;
- басқа жөнелтушілердің жүктерін тасымалдау үшін теміржолдың жылжымалы құрамымен өз бетінше айналысу кезінде болған оқиғалар;
- сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайлар.

#### 4.6. Сақтандырушы сондай-ақ залалдар мен шығындарды өтемейді:

- Сақтанушы теміржол көлігінің басқа құралының, өзге де көлік құралының, оқиға салдарынан бүлінген мүліктің иесіне өтеуге міндетті;
- теміржол көлігінің сақтандырылған құралы жолаушыларының өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруге байланысты;
- оқиға орнынан теміржол көлігінің сақтандырылған құралының қалдықтарын алып тастауға, азаматтардың өміріне немесе денсаулығына, үшінші тұлғалардың мүлкіне және қоршаған табиғи ортаға зиян келтіруге байланысты;
- теміржол көлігінің сақтандырылған құралында болған жүкке (мүлікке) келтірілген залалдар;
- Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына байланысты туындаған жанама шығындары;
- Сақтандыру шарттарында көзделмеген өзге де шығындар.

## **5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ.**

5.1. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны тараптардың келісімімен белгіленеді.

5.2. Сақтандыру шарты тараптардың келісімінде белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

## **6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ.**

6.1. Сақтандыру шарты тараптардың келісімінде белгіленген мерзімге құрылады.

6.2. Сақтандыру шартын құру үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төмендегілерді хабарлайтын жазбаша өтініш-сауалнаманы ұсынады:

- өзінің толық атауы, заңды мекен-жайы, банктік деректемелері, телефон, факс;
- сақтандыруға ұсынылатын теміржол көлігінің құралы туралы мәліметтер (теміржол көлігі құралының түрі, техпаспорт деректері, шығарылған жылы);
- сертификаттың болуы туралы (кіммен және қашан, қандай мерзімге берілген);
- теміржол көлігі құралының және оған орнатылған жабдықтың техникалық жай-күйі туралы мәліметтер;

- жоспарлы және жоспардан тыс жүргізілген жөндеу жұмыстарының саны, соңғы жөндеудің күні мен сипаты;
  - пайдалану ауданы (теміржолдардың атауы);
  - Пайда алушы туралы мәліметтер.
- 6.3. Сақтанушы Сақтандырушыға өтініш-сауалнамамен бірге келесі құжаттарды (немесе олардың көшірмелерін) ұсынуы тиіс:
- теміржол көлігі құралының тиесілігін растайтын құжаттар (иелену, жалға алу, лизинг және т.б. құқығы);
  - теміржол көлігі құралының нақты құнын растайтын бухгалтерлік құжаттар (баланс және т.б.);
  - сақтандыруға ұсынылатын теміржол көлігі құралының техникалық сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік беретін құжаттар;
  - алдағы 3 - 5 жылдағы тасымалдау кезіндегі апаттылық туралы статистикалық деректер және т.б.;
  - сақтандыру объектісін сипаттайтын өзге де құжаттар.

Сақтанушы сақтандыруға ұсынылатын теміржол көлігі құралына қатысты Сақтандырушы қойған барлық сұрақтарға жауап беруге міндетті.

6.4. Сақтандыру шартын құру кезінде Сақтандырушы сақтандыруға ұсынылатын теміржол көлігінің құралына тексеріс жүргізуге, ал қажет болған кезде оның нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауы өзгеше дәлелдеуге құқығы бар Сақтанушы үшін міндетті болып табылмайды.

6.5. Сақтандыру шартын құру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын (теміржол көлігінің құралдарын жөндеу саны мен түрі, пайдалану маршруттары, машинистердің, теміржол көлігінде жұмыс істейтін өзге де мамандардың біліктілігі, жылжымалы құрам құралдарын пайдалану режимінің, шарттарының өзгеруі және т.б.) және егер бұл мән-жайлар белгілі болмаса және Сақтандырушыға белгісіз болуға тиіс болса, оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болған ықтимал шығындардың мөлшерін анықтау үшін айтарлықтай маңызы бар белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті. Бұл ретте Сақтандырушымен сақтандыру шартында немесе оның жазбаша сұрау салуында нақты ескерткен мән-жайлар елеулі деп танылуы мүмкін.

## **7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **7.1. Сақтандырушы құқылы:**

- Сақтанушы (Пайда алушы) хабарлаған ақпаратты және Сақтанушының шарт талаптарын орындауын тексеруге;
- Сақтандыру шартын құру кезінде сақтандыруға ұсынылатын теміржол көлігінің құралын тексеруге;
- Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде теміржол көлігінің сақтандырылған құралының жай күйін тексеруге;
- Сақтанушыға сақтандыру жағдайларының алдын алу бойынша ұсыныстар беруге;
- тәуекел дәрежесі өзгерген кезде сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап етуге;
- сақтандыру шартында көзделген тәртіпте сақтандыру шартын бұзуға;
- сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың туындау себептері мен мән-жайларын өздігінше анықтауға, қажет болған жағдайда осы оқиға жөніндегі құжаттар мен ақпараттарды ұсыну туралы сұрау салуды құзыретті органдарға жіберуге;
- Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың басталу дерегін немесе болжамды сақтандыру өтемінің мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- Сақтанушының хабарламасын күтпей, бүлінген теміржол көлігінің құралын тексеруге. Сақтанушының бұл жағдайда Сақтандырушыға кедергі жасауға құқығы жоқ.

### **7.2. Сақтандырушы міндетті:**

- Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен таныстыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеуге.

### **7.3. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабарламаны алғаннан кейін Сақтандырушы міндетті:**

- теміржол көлігінің бүлінген құралын қарап, оқиғаның туындау мән-жайларын анықтауға;
- қажетті құжаттарды алғаннан кейін болған оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану мәніне талдау жүргізуге;

- болған оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған кезде шығындар мөлшерін анықтауға және сақтандыру төлемінің есебін жүргізуге;
- сақтандыру шарттарында көзделген мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға (немесе төлеуден бас тартуға).

#### 7.4. Сақтанушы құқылы:

- Сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- Сақтандырушының келсімімен сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге;
- сақтандыру шартында көзделген тәртіппен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға.

#### 7.5. Сақтанушы (Пайда алушы) міндетті:

- сақтандыру шартын құру кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің дәрежесін бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, сондай-ақ осы теміржол көлігі құралына қатысты барлық құрылған немесе құрылатын сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- сақтандыру шарттарымен белгіленген мөлшерде және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
- сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің дәрежесін арттыруға айтарлықтау әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру шартын құру кезінде хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға;
- теміржол көлігінің сақтандырылған құралы мен оған орнатылған жабдықты пайдаланудың белгіленген ережелері мен нормаларын сақтауға;
- сақтандыру шарттарын сақтауға.

#### 7.6. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалар басталған кезде Сақтанушы (Пайда алушы) міндетті:

- оқиға басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап дереу, бірақ кез келген жағдайда үш күннен кешіктірмей (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) бұл туралы сақтандыру шартында көрсетілген тәсілмен Сақтандырушыға хабарлауға;
- болған мән-жайларда ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға;
- болған мән-жайлар туралы құзыретті органдарға дереу хабарлауға;
- Сақтандырушының өкілі тексергенге дейін теміржол көлігінің бүлінген құралын сақтауға;
- оқиғаның басталу мән-жайларын анықтау және келтірілген шығындар мөлшерін анықтау үшін Сақтандырушыға құжаттарды уақтылы беруге;
- болған оқиғаға байланысты оған қойылатын барлық талаптар туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға;
- осы теміржол көлігінің құралына қатысты құрылған барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- залал келтіргені үшін кінәлі тұлғаға талап ету құқығын жүзеге асыру бойынша қолданыстағы заңнамада көзделген барлық шараларды қабылдауға.

7.7. Сақтандыру шарттарында Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің өзге де тізбегі көзделуі мүмкін.

## **8. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕГІ.**

8.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде Сақтанушы сақтандыру шарттарында белгіленген мерзімде Сақтандырушыға оқиғаның басталу себептері мен мән-жайларын, келтірілген залал мөлшерін сипаттай отырып, өтініш береді.

8.2. Сақтандыру шарты және Сақтандырушының талабы бойынша келесі құжаттар (немесе олардың көшірмелері) өтінішпен бірге қоса беріледі:

- 1) **Теміржол көлігі құралдары күйреген немесе апатқа ұшыраған кезде** – теміржол көлігіндегі ішкі істер бөлімдерінің, тергеу және прокуратура органдарының, апаттық-техникалық және апаттық-құтқару қызметтерінің құжаттары, қызметтік тергеу актісі, теміржол бөлімшесінің басшысы мен теміржол басшысы бекіткен апатты талдау бойынша жедел жиналыстың хаттамалары, теміржол көлігі құралдарын ұстау және зақымдау нормаларынан ауытқулар көрсетілген сызбалар, актілер және фотосуреттер, тергеліп жатқан

оқиғаға қатысы бар қозғалыс қауіпсіздігінің техникалық құралының жағдайы мен жұмысы туралы актілер, теміржол көлігі бөлімшесінің тасымалдау бөлімінің басшысы куәландырған пойыздың натуралық парағы, күйреуге немесе апатқа жол берілген учаске бойынша қозғалыс кестесінің көшірмесі, пойыздардың кешігуі туралы деректер, күйреу немесе апат орнындағы жолдың жоспары мен бейіні, жол өлшегіш вагондардың ленталарын қоса бере отырып, жол өлшегіш және ақаутүсіргі құралдарымен теміржол жолдарын соңғы тексеріудің нәтижелері туралы анықтамалар, жолды тексеру нәтижелері туралы куәландыратын басқа да құжаттар, метеорологиялық қызметтердің құжаттары, локомотивтер мен жылжымалы құрамның зақымдануы туралы актілер, тәуелсіз бағалау ұйымының қорытындысы, оқиғаның басталу дерегін және келтірілген залал мөлшерін растайтын, тізбесін Сақтандырушы барлық болған оқиғалардың мән-жайларын ескере отырып, әрбір нақты оқиға кезінде анықтайтын өзге де құжаттар.

- 2) **Теміржол көлігі құралын айдап әкету кезінде** – теміржол көлігіндегі ішкі істер бөлімдерінің, тергеу және прокуратура органдарының, апаттық-техникалық және апаттық-құтқару қызметтерінің құжаттары, мемлекеттік комиссиялардың қорытындылары, теміржол көлігі құралын айдап әкетуге жол берілген учаске бойынша қозғалыс кестесінің көшірмесі, теміржол көлігі құралдарын қорғау жүйелерінің болуы және сипатын куәландыратын құжаттар, ұрланған теміржол көлігі құралының тиесілігі туралы құжаттар, оқиғаның басталу дерегін және келтірілген залал мөлшерін растайтын, тізбесін Сақтандырушы барлық болған оқиғалардың мән-жайларын ескере отырып, әрбір нақты оқиға кезінде анықтайтын өзге де құжаттар.
- 3) **Теміржол көлігі құралындағы өрт, жарылыс кезінде** – ТЖМ өрт қызметінің, теміржол көлігіндегі ішкі істер бөлімдерінің актілері, апаттық-техникалық және апаттық-құтқару қызметтерінің құжаттары, өрт-техникалық сараптаманың, мемлекеттік комиссияның қорытындылары, зақымдану дәрежесін көрсете отырып, теміржол көлігінің бүлінген (жойылған) сақтандырылған құралдарының тізбесі, ТЖМ бөлімшелерінің құжаттары, оқиғаның басталу дерегін және келтірілген залал мөлшерін растайтын, тізбесін Сақтандырушы барлық болған оқиғалардың мән-жайларын ескере отырып, әрбір нақты оқиға кезінде анықтайтын өзге де құжаттар.
- 4) **Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері кезінде** – теміржол көлігіндегі ішкі істер бөлімдерінің, тергеу органдарының, прокуратура органдарының қорытындылары, теміржол көлігі құралдарын қорғау жүйелерінің болуы мен сипаты туралы куәландыратын құжаттар, оқиғаның басталу дерегін және келтірілген залал мөлшерін растайтын, тізбесін Сақтандырушы барлық болған оқиғалардың мән-жайларын ескере отырып, әрбір нақты оқиға кезінде анықтайтын өзге де құжаттар.
- 5) **Табиғи апаттар кезінде** – мемлекеттік комиссиялардың актілері, қорытындылары, жергілікті атқарушы билік органдарының құжаттары, апаттық-техникалық және апаттық-құтқару қызметтерінің, ТЖМ бөлімшелерінің, құзыретті органдардың (теміржол көлігіндегі ішкі істер бөлімдерінің, тергеу органдарының, прокуратураның), метеорологиялық қызметтердің құжаттары, оқиғаның басталу дерегін және келтірілген залал мөлшерін растайтын, тізбесін Сақтандырушы барлық болған оқиғалардың мән-жайларын ескере отырып, әрбір нақты оқиға кезінде анықтайтын өзге де құжаттар.

8.3. Тараптар арасында дау болмаған кезде сақтандыру жағдайының басталу нәтижесінде келтірілген залалдың (шығынның) мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушы ұсынған өтініштер және осы бөлімге сәйкес Сақтанушы ұсынған және сақтандыру жағдайы басталған сәтте зақымданған теміржол көлігі құралының құнына сүйене отырып, Сақтандырушы дербес алған құжаттар негізінде анықтайды.

Тараптар арасында келіспеушіліктер болған кезде залалдар мөлшері мен сақтандыру өтемінің сомасын Сақтандырушы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде анықтайды.

8.4. Қажет болған кезде Сақтандырушы болған оқиға туралы қолда бар ақпараттарға сұрау салуға (теміржол көлігі саласындағы атқарушы билік органдары, болған оқиғаға байланысты құқық қорғау мәліметтері, теміржол көлігіндегі ішкі істер органдарын қоса алғанда құзыретті органдар мен басқа да ұйымдар, апаттық-техникалық және апаттық-құтқару қызметтерінің, ішкі істер Министрлігінің, ТЖМ-нің арнаулы бөлімшелері және т.б.), сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.

Қажет болған кезде сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу себептерін және келтірілген зиянның мөлшерін анықтау жөніндегі жұмысқа талап етуші тарап қызметтеріне төлемді жүзеге асыратын тәуелсіз сарапшылар тартылуы мүмкін.

## **9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ҚАБЫЛДАУ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ МЕРЗІМІ.**

9.1. Болған оқиға туралы барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді алғаннан кейін Сақтандырушы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану мәніне талдау жасайды және оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану, сақтандыру төлемі немесе сақтандыру өтемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

9.2. Сақтандыру оқиғасы басталған кездегі залалдың мөлшерін Сақтандырушы келесі тәртіппен анықтайды:

- 1) *Теміржол көлігі құралының толық (нақты немесе құрылымдық) жойылуы кезінде* – сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде. Егер оны жөндеуге кеткен шығындар сақтандыру жағдайындағы сақтандыру құнының немесе оны ауыстыру құнының 90%-дан астамын құраған болса, теміржол көлігі құралы жойылған болып саналады.
- 2) *Теміржол көлігі құралының жартылай жойылуы кезінде* – пайдалануға немесе өткізуге жарамды қалдықтарды шегергендегі оның сақтандыру құны мөлшерінде, бірақ сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан артық емес.
- 3) *Теміржол көлігі құралының немесе оның жабдығының конструкциясының бүлінуі кезінде* – Сақтандырушы сарапшысымен құрылған және Сақтанушымен келісілген сметаға сәйкес оны қалпына келтіруге кеткен шығындар мөлшерінде, бірақ сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан артық емес.

Бұл ретте қалпына келтіру шығындары мыналарды қамтиды:

- қалпына келтіру барысында ауыстырылатын материалдар мен қосалқы бөлшектердің тозуын ескере отырып, теміржол көлігінің бүлінген құралын бастапқы күйіне келтіруге қажетті материалдар мен қосалқы бөліктерді сатып алуға кеткен шығындар;
- теміржол көлігінің бүлінген құралын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарға ақы төлеуге кеткен шығындар;
- бөлшектеу және қайта монтаждау, материалдарды жөндеу орнына және кері жеткізу бойынша шығындар;
- осы шығындарды өтеу сақтандыру шартында көзделген жағдайда, теміржол көлігінің бүлінген құралын сақтандыру жағдайы басталғанға дейін болған күйіне қалпына келтіру үшін қажетті өзге де шығындар.

Залал сомасына қосылмайды:

- теміржол көлігінің сақтандырылған құралын қайта жанартуға, қайта жабдықтауға және/немесе жақсартуға байланысты кеткен шығындар;
- тозуы немесе техникалық ақауы салдарынан жекелеген бөлшектерді (конструкцияларды), бөліктерді уақытша (қосалқы) жөндеуден немесе уақытша қалпына келтіруден, ауыстырудан туындаған шығындар;
- сақтандыру жағдайына қарамастан кез келген жағдайда қажет болатын профилактикалық жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге кеткен шығындар;
- жұмыстарды жүргізудің жеделдігіне байланысты қосымша шығындар;
- машинистердің, жолсеріктердің және басқа да мамандардың еңбек ақысына жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде кеткен шығындар;
- сақтандыру шартында көзделмеген өзге де шығындар.

9.3. Сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шарттарында анықталған франшизаны есепке алумен белгіленеді.

9.4. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) үшінші тұлғалардан залал үшін өтем алса, онда Сақтандырушы шығын сомасы мен үшінші тұлғалардан алынған сома арасындағы айырма шегінде төлемді жүзеге асырады.

9.5. Болған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемін төменгілердің негізінде Сақтандырушы сақтандыру шарттарына сәйкес жүзеге асырады:

- Сақтанушының өтініші;

- сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу дерегін және келтірілген залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар;



- болған оқиғаның нақты мән-жайларына байланысты және/немесе сақтандыру шарттарында көзделген өзге де құжаттар.

9.6. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының дерегі анықталғаннан, осы деректі растағаннан және Сақтандырушы сақтандыру шарттарымен анықталған барлық қажетті және алған құжаттар негізінде жүргізілген сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтағаннан кейін он бес банктік күн ішінде жүзеге асырылады.

9.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен келесідей жағдайларда бас тартуға құқылы, егер:

- 1) Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаса.
- 2) Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайымен тікелей себептік байланыста болатын қасақана қылмыс жасаса.
- 3) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру объектісі туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарласа.
- 4) Сақтанушы теміржол көлігінде белгіленген қауіпсіздік ережелерін бұзуға жол берсе.
- 5) Сақтанушы (Пайда алушы) осы залалды келтіргені үшін кінәлі тұлғадан тиісті өтемақы алса. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдайды және бас тарту себебін дәлелді негіздей отырып, Сақтанушыға жазбаша түрде хабарланады.

9.8. Егер заңнамада көзделген талап қою мерзімдері ішінде Сақтанушыны сақтандыру төлемі құқығынан толық немесе жартылай айыратын жағдай анықталса, Сақтанушы Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемдерін (немесе оның тиісті бөлігін) қайтаруға міндетті.

9.9. Сақтандыру төлемінен толық және жартылай бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы 15 жұмыс күні ішінде қабылдайды. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Сақтандырушы Сақтанушыға немесе Пайда алушыға жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жібереді.

## **10. САҚТАНУШЫНЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ МЕРЗІМІ.**

10.1. Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайларда олар сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

## **11. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ.**

11.1. Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады:

- сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы ретінде белгіленген күні сағат 24.00-де;
- сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда;
- мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда;
- сақтандыру шарттарында көзделген өзге де жағдайларда.

11.2. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату үшін бастамашы тарап басқа тарапқа төмендегі жағдайлар туралы жазбаша хабарлауға міндетті:

- сақтандыру объектісі жұмысын тоқтатқанда;
- егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, ал шартта өзгеше белгіленбесе, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығарғанда;
- сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтағанда;
- Сақтандырушыны ерікті түрде таратуда.

Көрсетілген жағдайларда сақтандыру шарты шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлардың туындағаны туралы жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылған болып саналады, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапқа дереу хабарлауға тиіс.

11.3. 11.2. тармақта көрсетілген жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының бір бөлігін сақтандыру қолданылуы ішіндегі уақытқа пропорционалды түрде алуға құқылы.

Егер сақтандыру шарттарында өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйақысын немесе оның қандай да бір бөлігін өзге жағдайларда қайтару жүзеге асырылмайды.

## **12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.**

12.1. Сақтандырушы мен Сақтанушы немесе Пайда алушы арасындағы сақтандыру шартынан туындайтын даулар келіссөздер арқылы, ал келісімге келмеген кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

12.2. Сақтандыру шартынан туындайтын талаптар (шағымдар) Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қоюдың жалпы мерзімдері шегінде қойылуы мүмкін.

12.3. Залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысының қосымша сараптама жүргізуді талап етуге құқығы бар, ол оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

## **13. ҚОСЫМША ШАРТТАР.**

13.1. Сақтандыру шартына қатысты кез келген ескертпелер, келісімдер, өтініштер, хабарламалар, түсініктемелер, өзгертулер мен толықтырулар жазбаша нысанда рәсімделуі тиіс.

13.2. Кез келген хабарлама оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуі тиіс.

13.3. Сақтандыру шарттары бойынша *шартты* және *шартсыз* бола алатын франшиза көзделуі мүмкін.

Франшиза туралы шарттарды қолдану тараптардың келісімімен анықталады.

13.4. Сақтандыру шарттары көзделген өзге де қосымша шарттар болуы мүмкін.

13.5. Осы Ережелерге сәйкес тараптардың келісімі бойынша құрылатын сақтандыру шартына осы сақтандыру Ережелерінде қамтылмаған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өге де шарттар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалары, алып тастаулары және т.б.) енгізілуі мүмкін.